

ВОЗНЕСЕНОВКА ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ

Мектеп тарихы



Қазан төңкерісі қарсаңында ауылда 320 аула болғанымен, халықтың 30 % ғана оқып, жаза алатын. Ауыл салынған соң 1 жылдан кейін 1906 жылы ауыл басшысының (земство) қатысуымен мектеп ашылды. Оқу-жаттығу барысы 3 жыл бойы жалдамалы үйлерде оқытылып жүрді. Ол үйлер әлі күнге дейін сақталған. Кооперативный көшесі бойындағы пошта үйінде, Полтавской көшесінде 25-30 оқушыдан оқыды. Негізінен оқыған ұл балалар. Ең алғашқы ұстаздың есімі Всеволод Тимофеевич, тегі ұмытылып қалған. Земство Ақтөбеде орналасқан. Земствоның төрағасы Чепурной, хатшысы Рубан болған. 1908-1909 жылдар арасында ағаштан мектеп салынды. Шатыры темірден болды. 1910 жылы күзден бастап ресми түрде сабақ басталды. 1911 жылы Аделев Иван Гаврилович деген ұстаз келді. Мектеп алғашында «двухклассное церковно-приходское училище» деп аталды. Дін туралы сабақтар оқытылды. Мектепте 5 класс болып, оған 2 мұғалім сабақ берді. Одан басқа мұғалімдерге арналған 2 бөлмелі пәтер болды. 1913 жылы алғашқы түлектер бітіріп шықты. Алғаш 6 оқушы оқыды. Олар: Петросюк Семен, Мосиенко Дмитрий Никитович, Белодед Денис, Дудко Василий Маркович, Авдеева, Позыченюк . Позыченюк Ташкент Пединститутында оқытушы болып жұмыс жасаған. Азаматтық соғысы кезінде мектеп госпиталь болған. 1920 жылдан бастап мектеп тұрақты түрде жұмыс жасап тұрды. Екі бірдей 1 класс ашылды. 1922-1923 ж.ж. Каракушак Алексей Михайлович директор болды.